

Т.Есетов атындағы №264 мектеп – лицей

Эстетика бірлестігі және Қосымша білім беру орталығының онкүндігінің есебі

2023-2024 оқу жылы

Қызылорда қаласы

**«Өнерсіз-өмірдің сәні жоқ,білімсіз-өмірдің мәні жоқ» эстетика пәндері онкүндігінің
Е С Е Б І**

Т. Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде 25.09.2023 – 06.10.2023 аралығында **«Өнерсіз-өмірдің сәні жоқ,білімсіз-өмірдің мәні жоқ»** тақырыбында эстетика пәндерінің онкүндігі өткізілді.

Онкүндіктің мақсаты:

1. Білім алушылардың көркемдік, шығармашылық қабілеттерін дамыту, өнерге деген қызығушылығын арттыру, шеберліктерін шыңдау. Шындыққа шығармашылықпен қарайтын тұлға дамыту. Қазақстан және әлем халықтарының көркем-мәдениет мұрасын оқып үйрену арқылы өнер мен дизайнның көркем тәсілдерін игеру.
2. Білім алушылардың рухани мәдениеттілігін қалыптастыру, музыка өнерінің жалпы адамзаттық қажеттілікті құбылыс ретінде, оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру

Онкүндік өз жоспарына сәйкес 25.09.2023 күні апталық ашылуына мектеп – лицей директоры Б.С. Тумурзаев қатысып жақсы лебіздерін білдірді.



Музыкалық барлама жүргізіліп соңы оқушылардың қолдарымен жасалған бұйымдармен және тағамдар жәрменкесіне ұласты .



26.09.2023ж күні ҚББО орталығының педагог сурет ұйымдастырушысы Н.Мажиханов және көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Н.Шыманов А.Әлейдарова Т.Қараманов тәртіп ұйымдастыруымен мектеп оқушыларымен сурет үйірмесі балалары арасында **«Бояулар сиқыры»** сурет байқауы өтті.





Оқушылардың салған суретін әділ қазылар алқасы сараптап жас шамаларына қарай топқа бөліп марапаттады.



Келесі күні күрес үйрме жетекшісі М.Жарқынбеков «Көңілді старт» спорттық ойын өткізді



28.09 күні Қосымша білім беру орталығы домбыра сыныбы оқушыларымен жетекшісі С.Нарманова. Д.Темірхановтардың ұйымдастыруымен «Күй көтерер көңілдің көкжиегін» атты лекция-концерті өтті. Концертке педколедж мамандары қатысып жақсы пікірлер айтты.



Көркембек пәні мұғалімдері Ә.Хасанова,Н.Аибаевалар 02.10 күні «Күз мерекем,күз берекем» тақырыбымен 5-сыныптар арасында икебана сайысын өткізді.

Сайысқа оқушылар жоғарғы дайындықпен келіп,әр сынып өз жұмыстарына лайық марапатталды.



03.10 күні 8-9 сыныптар арасында Көркембек пәнә мұалімдері Б.Бодықов,О.Көшеровтың ұйымдастыруымен «Шеберлікте шек жоқ» макет және мозайка өнері шығармашылық жұмыстарынан көрме өтті. Көмеге оқушылар сабақта алған білімдерін пайдалану арқылы жасаған жұмыстарын таныстырып бір бірімен тәжірибе алмасты.



Музыка пәні мұғалімдері Г.Оразбекова, А.Мінсізбай қарттар күніне «Қарттарым асыл қазынам» ардагерлермен кездесу концертін өткізді. Концертке ардагер ұстаздар қатысып өз өнерлерін көрсетті.



04.10 күні көркембек пәні мұғалімдері Н.Дүйсебекова,Х.Байсынова,А.Алпысбаева,Ш.Раушанбек «Бар сыйымыз,сізге алтын күз» дәнді дақылдар композициялық қолөнер байқауын өткізді.

Байқауға оқушылар өз шығармашылық жұмыстарын жариялады.Қатысушылар жұмыстарына мектеп лицей директорының орынбасарлары бағаларын беріп марапаттады.



«Өмірде де, өнерде де егізбіз» егіз балалар өнер фестивалы. Мектебіміздегі егіз балалар арасындағы өнерлі балалар арасында сайысы болды. Ұйымдастырушылар музыка пәні мұғалімдері Г.Ешниязова, А.Жұмабаева



05.10 «Ұстазым, менің Ұстазым» ұстаздарды құтықтау мерекелік бағдарламалық концертпен апталықтың жабылуы өтті.



«Өнерсіз-өмірдің сәні жоқ,білімсіз-өмірдің мәні жоқ» тақырыбындағы эстетика пәндерінің онкүндігінде бірлестік ұстаздары жоспарда көрсетілген барлық сабақтар мен іс – шараларды жоғары деңгейде өткізіп, өз мақсаттарына жете білді.

Эстетика бірлестік жетекшісі:

Нұрлан Шыманов